

№ 32 (7724)

05.08.2016

ЖҰМА

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі (А.Байтұрсынов)

Аманкелді райы

Аудандық анталық газет

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru



А.Иманов

Билік және халық

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ Ә.С.САПАРОВА АУДАН САЙЛАУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

2016 жылдың 3 тамызы күні сағат 17.30-да «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының кеңсесінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Парламенттің экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясының Парламент Мәжілісіндегі депутаттық фракциясының мүшесі Ә.С.Сапарова аудан сайлаушыларымен кездесті.

Рәсімді «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ташимов кіріспе сөз сөйлеп ашып, жүргізіп отырды.

Кездесуге депутаттық фракция мүшелері, қоғамдық кеңес мүшелері, аудандық ардагерлер ұйымының мүшелері, жастар барлығы 24 адам қатынасты.

Кездесуге «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғ.Е.Бекмұхамедов қатысты.

Рәсімде «Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалының 2016 жылдың жеті айында атқарған жұмысы туралы аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары А.Қ.Ташимов баяндама жасады.

Мұнан соң Қазақстан Республикасы Парламенті



Мәжілісінің депутаты Ә.С.Сапарова жиналғандарға Парламент Мәжілісінің атқарып отырған жұмыстары туралы толық мағлұмат берді. Сонымен қатар, аудандық филиалдың жұмысын лайықты деп

бағалады. Сайлаушылардың сұрақтарына жауап қайтарды. Келесі кезекте жарыссөзге аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Е.Ж.Дауылбай, А.Иманов мемориалдық

музейінің директоры Н.М.Игіліков, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Уахитов жарыссөзге шығып, өздерінің ой-пікірлерін білдірді.

Мұнан соң «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы

төрағасының бірінші орын-

басары Ғ.Е.Бекмұхамедов сөз сөйлеп, бір топ жастарға «Нұр Отан» партиясының билетін салтанатты түрде тапсырды.

Кездесуде аудан әкімі Н.Қ.Өтегенов сөз сөйлеп, шағын және орта бизнесті дамытуға байланысты маңызды ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Кездесуде сайлаушылар Б.Нұрсейітов, С.Сайділдин, Б.Нұрғожин және басқалар сөйлеп, Мәжіліс депутаты Ә.С.Сапароваға өздерін толғандырып жүрген ойларын айтты.

Ә.С.Сапарова кездесуді қорытындылай келе, сайлаушылардың айтқан ұсыныс-пікірлерін есепке алатынын және олардың тиісінше шешім табатынын мәлімдеп, аудан сайлаушыларына алғыс айтты.

Аудан ардагерлері Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайланған Әлия Сүйіндікқызы Сапароваға жүрекжарды құттықтауларын арнап, оның жемісті жұмыс жасауына тілектестіктерін білдірді.

Өз тілшіміз.

Суретте: аудан сайлаушылары мен активінің Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ә.С.Сапаровамен болған кездесуден көрініс.

Суретті түсірген автор.

1916 жылғы Торғай ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына - бір тарту!

АРХЕОЛОГТАР АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚАРАОБАСЫ МАҢЫНАН ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР ТАПТЫ

2016 жылдың 1 тамызы күні сағат 11-де Қазақстанның қазіргі бас археологы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зейнолла Самашев пен жерлесіміз, республикамыздың қазіргі бас меценаты, жиһанкезі Сапар Ысқақов ауданымыздағы Абылай ханның Қараобасы маңынан табылған жәдігерлерді таныстыру мақсатымен арнайы келіп, аудан әкімі Н.Қ.Өтегеновтің қабылдауында болды.

Қабылдау кезінде олар аудан басшысына өздерінің зерттеу жұмыстарын қалай жүргізгендері туралы жан-жақты әңгімелеп берді.

Мұнан соң аудан әкімі бастаған топ Абылай ханның Қараобасына барды. Осы жерде З.Самашевтің шәкірті, республикалық ұлттық музейдің тарихи-мәдени мұраларды сақтау және маниторинг бөлімінің меңгерушісі Айбар Ерланұлы Хасенәлі жиналған көпшілік пен журналистерге зерттеу жұмысының қалай басталғаны туралы айтып берді.

Археологтар Қараоба маңындағы шағын екі обаны қазуды 2016 жылдың 18 маусымы күні бастапты. Қазу жұмысы шілде айының 16-на дейін жалғасқан. Қазу жұмыстары басталар алдында Зейнолла Самашев ақсақал мұнда арнайы келіп, шәкірттеріне батасын беріп, сәттілік тілепті.



Қазу жұмыстарын жүргізуге Сапар Ысқақұлы демеушілік жасапты.

Сөйтіп, ол жұмысты жүргізуге мол қаражат беріпті. Нәтижесінде, басаяғы 1 айға жетер-жетпес уақытта обадан әртүрлі қыш бұйымдары және 1 алтын сырға, сонымен бірге біздің дәуірімізге дейінгі 2 жарым - 3 мың жылдай бұрынғы, яғни Сармат дәуірінің аяғында, Ғұн дәуірінің бас кезінде жерленген әйел адамның қабірі табылды. Қабір 5 метр тереңдікте жатыр екен. Ғажабы - бұл қабір қазақтардың қазіргі күнгі жерлеу рәсімімен бірдей. Еш айырмашылығы жоқ. Әйел адам лақатталып жерленген. Бұл жағдай салтанатты рәсімге

қатысқан журналистер қауымын қайран қалдырды.

Салтанатты рәсімде сөз алған ғалым-археолог Зейнолла Самашев:

- Торғай-Қостанай өңіріндегі обалар осы уақытқа дейін зерттелмей келді. Зерттеуді алғаш ұйымдастырып отырған кісі есімі Қазақ еліне белгілі меценат, жиһанкез Сапар Ысқақұлы ағамыз. Ол кісі Торғай ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына орай біздің осында арнайы алып келіп, зерттеу жұмыстарын жүргіздірді.



Суреттерде: Абылай ханның Қараобасы маңындағы обалардан табылған қыш қалдықтары мен алтын сырға және археологиялық жұмыстарды жүргізуге демеушілік жасаған жерлесіміз, Қазақстанның қазіргі бас жиһанкезі, меценаты Сапар Ысқақұлы мен аудан әкімі Нұржан Өтегенов және ғалым-археолог Зейнолла Самашевтар өзара пікір алысып тұрған сәт.

(Жалғасы 8-бетте)

2016 ЖЫЛДЫҢ АЛТЫ АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ АЛДА ТҰРҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

2016 жылдың бірінші жартыжылдығына аудан экономикасының салалары бойынша келесі нәтижелерге қол жеткізілді.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар

2016 жылдың 6 айында аудан экономикасының негізгі капиталына инвестиция 182 млн. теңгені құрады. Былтырғы жылмен салыстырғанда 383,0 млн теңгеге азайды (2015 жылдың 1 шілдесіне инвестиция көлемі 565,0 млн. теңге болған). НКИ 31,3 % құрады.

Анықтама үшін:

2015 жылдың бірінші жарты жылдығында «Нұрай-Н» ЖШС материалды-техникалық қамтамасыз етуге 334,2 млн. теңге қаражат жұмсады.

Ауыл шаруашылығы

Амангелді ауданы бойынша 2016 жылы барлық егіс көлемі 105266 га құрады. Оның ішінде: 101474 га дәнді дақылдар (жаздық бидай - 98374 га, сұлы 400 га және арпа -2700 га), 3600 га мал азығы дақылдары (бір жылдық дақылдар - 3467 га, және көп жылдық шөптер - 133 га.), 64,5 га картоп, 67,5 га көкөністер және 60 га бақша дақылдары.

20 000 га егістік жерлер парға қалдырылып, 2016 жылдың 1 шілдесіне толығымен бірінші, екінші өңдеулерден өткізілді, оның ішінде: 4000 га химиялық жолмен өңделді, сонымен қатар 2800 га жер үшінші өңдеуден өткізілді.

Ауылшаруашылық құрылымдарына көктемгі дала жұмыстары мен күзгі егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін «Тобыл» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының кепілдігімен қаржыландыру бойынша 104,1 млн. теңге бюджеттік кредит бөлініп, толығымен игерілді.

Есептік кезеңде ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) жалпы шығарылымы 3 млрд. 085,9 млн. теңге, НКИ – 106,7% құрады, соның ішінде - қызметтер – 2,8 млн. теңге, НКИ - 100,0%,

- мал шаруашылығы – 3 млрд.083,1 млн. теңге, НКИ – 106,8 %.

Есепті кезеңге аудан бойынша 2238,1 тонна ет, 16250,4 тонна сүт, 3686,8 мың дана жұмыртқа өндірілді.

Есепті мерзімге шаруашылықтардың барлық түрлерінде 33720 бас ірі қара, 78699 бас қой-ешкі, 14887 бас жылқы, 142480 бас құс бар. 2016-2017 жылғы мал қыстату кезеңіне қажетті шөп көлемі 135300 тонна, 2016 жылдың 30 шілдесіне 122,4 мың га шабындық шабылып, 113,7 мың тонна шөп дайындалды, оның 112,6 мың тоннасы мал қыстату орындарына тасылды.

Аудан бойынша егін орағына 162 астық комбайндары қатысады деп жоспарлануда (14 бірлік Джон Дир, 21 бірлік «Вектор», 7 бірлік «Есиль», 9 бірлік «Дон-1500», 104 бірлік «Енисей» және 7 бірлік «Нива» комбайндары). Ауданда барлығы 154 бірлік жүк тасымалдау автокөліктері бар, оның ішінде 70 бірлік «Камаз» автокөліктері тіркемелерімен және 116 бірлік үлкен сиымдылықты трактор тіркемелері бар. Аудан бойынша қолда бар техникалардың 96 % егін орауға дайын, жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Мемлекет агроөнеркәсіптік кешенің дамуына белсене қатынасуда. Есепті кезеңде ауданның мал өсірумен айналысатын шаруашылықтарына 68,9 млн. теңге субсидия төленді.



Нұржан ӨТЕГЕНОВ,
Аманкелді ауданының әкімі

2016 жылы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 250 бас ірі қара мал сатып алу жоспарланған. Есепті мерзімге аудан бойынша 68 бас ірі қара мал сатып алынды, жылдық жоспар 27,2 пайызға орындалды.

Аталған бағдарлама іске қосылғаннан бері аудан бойынша 1708 бас ІҚМ сатып алынып, облыс көлемінде жақсы нәтижелерге қол жеткізілді (жоспардың орындалуы 108,9%). Сонымен қатар, 31,2 млн. теңгеге 89 асыл тұқымды бұқалар сатып алынып, асылдандыру жұмыстары жүргізілуде.

Амангелді ауданы бойынша 106 шаруа қожалығы мен 1 ЖШС ірі қара малын асылдандыру жұмыстарымен айналысуда. Оларда 11380 бас ірі қара малы тіркелген, оның 11028 бас аналық мал және 352 бас асыл тұқымды бұқа. Аудан бойынша тұқымдық түрлендіру жүйесінде тіркелген аналық ірі қара мал басының үлесі 70,3 пайызды құрайды (Облыс бойынша 32,4 пайыз). Осы көрсеткіш бойынша аудан облыс көлемінде алдыңғы орында тұр. Ірі қара мал басы аналығын асылдандыру барысында етті асыл тұқымды бұқалармен қамтамасыз ету 100 % құрайды.

2016 жылы «Құлан» бағдарламасы бойынша 125 бас жылқы малын сатып алу жоспарланған. Есепті мерзімге Амантоғай ауылдық округінің «Ақжол-1» шаруа қожалығымен 15 бас аналық жылқы және 2 бас асыл тұқымды айғырлар сатып алынды. Жылдық жоспар 12,0% орындалды.

2016 жылы «Алтын-асық» бағдарламасы бойынша 250 бас қой сатып алу жоспарланған. Қарынсалды ауылдық округінен «Алимжан» шаруа қожалығы 200 бас аналық қой және 10 бас асыл тұқымды қошқар, Үрпек ауылдық округінен «Айбек» шаруа қожалығы 150 бас аналық қой және 10 бас асыл тұқымды қошқар сатып алу үшін «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы құжаттарын рәсімдеуде (Құжаттары толық тапсырылды).

«Жайылымдарды суландыру» бағдарламасы бойынша 1 жоба Үрпек ауылдық округінің «Нарбай» шаруа қожалығы негізінде жүзеге асырылуда (жетекшісі Ахметов Таңатар, «ГЕО Ресурс» ЖШС-мен бірлесіп).

Инвестжобалар

Ағымдағы жылы аудан бойынша Индустрияландыру картасынан тыс 2 жоба игерілуде. Ол Ақсай ауылында «Бірлік-1» шаруа қожалығы негізінде «Ірі қара мал басын 150 басқа, қой мал басын 500 басқа жеткізу» жобасы. Жобаның жалпы құны 50,0 млн. теңге, оның ішінде 39,7 млн. теңге шаруашылықтың өз қаражаты. 10,3 млн. теңгеге «Аграрлық несие корпорациясы» Акционерлік қоғамы арқылы

қаржыландырылды. Есепті кезеңге 28,0 млн. теңге қаржы игерілді, 1 мал қорасы салынып пайдалануға берілді, 120 бас ірі қара мал және 400 бас қой сатып алынды. Үстіміздегі жылдың тамыз айында жоба іске қосылады.

Жеке кәсіпкер Аяп Сағидолла Жанпейсұлы Амангелді ауданы Есір ауылында «АЯП С.Ж.» ЖК негізінде «Сиымдылығы 1,5 мың тонна көкөніс сақтау қоймасын салу» жобасы жүзеге асырылуда. Жобаның жалпы құны 100,0 млн. теңге жеке кәсіпкердің өз қаржысы есебінен қаржыландырылуда.

Өнеркәсіп және шағын кәсіпкерлік

Есепті кезең ішінде аудан бойынша 74,2 млн. теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндірілді, 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, өнім өндірудің физикалық индексі 125,9 пайызды құрады.

Ағымдағы жылдың есепті мерзіміне бөлшек сауда айналымы 201,0 млн. теңгеге жетті, бөлшек сауданың нақты көлем индексі 101,9 пайызды құрады.

Аудан экономикасында шағын және орта бизнестің үлесі жыл сайын артуда. 775 шағын және орта бизнес субъектілерінде 2037 адам жұмыспен қамтылған, олармен 658,6 млн. теңгенің өнімдері өндіріліп, қызметтері көрсетілді, бюджетке 42,7 млн. теңге салықтық түсімдер түсірілді (2015 жылы бюджетке 40,1 млн. теңге салықтық түсім келіп түскен).

Іскерлік мәдениетті жақсарту және кәсіпкерлікті ынталандыру мақсатында «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы жаңа бастамалар мен кәсіпкерлікті дамытуға барша жағдайды жасауда.

«Бизнестің жол картасы 2020» шеңберінде аудан бойынша 4 жоба іске асырылды. Бағдарламаның екінші бағытымен «ТехноЛизинг ЖШС-мен негізгі қорларды сатып алу қаржылық лизинг келісім-шарты бойынша пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялауға үш жоба іске асырылды («Нұрай-Н» ЖШС - 119,7 млн. теңге, «ЖААН» ШҚ - 35,6 және 71,5 млн. теңгенің жобалары). Сондай-ақ, Амангелді ауылының тұрғыны Т. Бимағамбетова «500 тонналық көкөніс сақтау қоймасын салу» жобасына 3,0 млн. теңге грант ұтып алды.

Ағымдағы жылы шағын несие алуға ұсынылған 3 жоба, жалпы құны 18,5 млн.теңге «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен қаралуда. Шағын несие-леуге тағы 4 жобаның құжаттары дайындалуда.

«Даму - Блиц» бағдарламасы бойынша құны 21,0 млн. теңге 3 жоба дайындалды.

Абаттандыру

Амангелді аудандық орталық ауруханасының жұқпалы ауруларға қарсы ем көрсететін бөлімшесінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаралған 28,8 млн. теңге қаражат толығымен игеріліп, құрылыс жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар осы бөлімшені медициналық жабдықтармен қамтамасыз етуге 2,3 млн теңге қаражат облыстық бюджет есебінен қаралып отыр.

«Қолжетімді тұрғын үй 2020» бағдарламасы аясында есепті кезеңде 628 шаршы метр тұрғын үй-жайлар пайдалануға берілді.

Құрылыс жұмыстарына барлығы 189,0 млн. теңге қаражат жұмсалды, НКИ (ИФО) 30,5 пайызды құрады

(2015 жылдың 1 шілдесіне текті құрылыс жұмыстарының көлемі 523,0 млн. теңге).

Көшелерді жарықтандыруға 2016 жылға 5,8 млн. теңге қаражат аудандық бюджеттен бөлініп, 1,8 млн. теңгесі игерілді.

Қаңғыбас иттерді аулауды және жоюды ұйымдастыруға 1,0 млн. теңге жұмсалды.

Биылғы жылы облыс әкімі А.Мұхамбетовтің өкімімен көктем-күз мезгілінде 2 ай абаттандыру айлары болып жарияланды. Барлық ауыл, ауылдық округтерде сенбіліктер өткізіліп, 890 тонна қатты тұрмыстық қалдықтар арнайы орындарға шығарылды. 5 тұлғаға әкімшілік хаттамалары толтырылып, 51 мың теңге айыппұл салынды. 10 тұлғаға жазбаша ескерту берілді. Абаттандыру жұмыстарына 4,5 мың адам жұмылдырылды.

Тазалық мәселесін шешу ауылдық округтерде нашар жүргізіліп келеді, ауыл ішінде малдың жүруі жеке тұрғындардың малдарын бағу жұмысының әлі де толық жолға қойылмағандығын көрсетеді. Қатты тұрмыстық қалдықтарды, қираған үй, ғимараттардың қоқыстарын арнайы орындарға шығару, орындарын тегістеу, тұрғындардың жеке жауапкершілігін арттыру, жекенің малдарын бағу, төлдерін арнайы жайларда ұстау ауыл әкімдерінің басты назарында болуы қажет. Осы жағдайлар ауылдың санитарлық жағдайына кері әсер ететіні анық, сол себептен бұл жұмыстарды жандандыруымыз керек.

Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық

Аудандағы 30 елді мекендердің 12-і орталықтандырылған, 14-і орталықтандырылмаған су жүйесімен қамтамасыз етілген, 4 елді-мекен тұрғындары тасымал суды пайдаланады.

2016 жылы жергілікті жолдарды ағымды жөндеу және күтіп ұстауға бюджеттен 14,2 млн. теңге жұмсалды. «Арқалық-Торғай» тас жолының Амангелді ауданына қарасты бөлігінде 1,5 км күрделі жөндеуден өтіп, құрылыс жұмыстарына 114,0 млн. теңге қаражат жұмсалды.

Әлеуметтік – тұрмыстық нысандардың 2016-2017 жылдың күзгі-қысқы маусымына дайындық жұмыстары уақытылы жүргізілуде. Аудандық бюджетке қарасты мекемелерге жоспарланған 17200 тонна қатты отын қорын жинақтау жоспарланған, нақтылы тасылғаны 3284 тонна (19,1%)

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

2016 жылдың 1 шілдесіне жұмыссыздық деңгейі 0,4 пайызды құрады. Алты айда жұмыс сұраушы ретінде 445 адам тіркеліп, оның 400-і жұмысқа орналастырылды. 2016 жылдың есептік кезеңіне 210 жұмыс орны ашылды, оның ішінде 126 тұрақты жұмыс орындары.

Ауданның еңбек рыногында қажет мамандықтар бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасылардан медицина, педагогика, ветеринария мамандықтары бойынша 16 студентке жоғарғы оқу орындарында білім алуға байланысты шығындары өтелу үстінде.

«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» бойынша, жергілікті бюджет қаражаты есебінен жастар тәжірбиесіне 9 адам,

2016 ЖЫЛДЫҢ АЛТЫ АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ АЛДА ТҮРҒАН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

әлеуметтік жұмыс орындарына 27 адам жіберілсе, ақылы қоғамдық жұмысқа 162 жұмыссыз адам қатысты.

«Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасының бірінші бағыты бойынша аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебі ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоспар бойынша 21 жұмыссыз азамат уақытша жұмысқа жіберілуі керек болса, есептік мерзімге текті 21 адам жұмысқа жолдама алды.

«Кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу» екінші бағыты бойынша - 42,0 млн. теңге бөлінді. Қазіргі уақытта Амантоғай, Үрпек, Тасты, Құмкешу, Амангелді және Үштоғай ауылдарынан 19 бағдарламаға қатысушы мал шаруашылығын дамытуға, жүк тасымалдауын ұйымдастыруға және ауылшарушылық техникаларын сатып алу жобаларына «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау» қоры арқылы 42750,0 мың теңге несие алып жұмыстарын бастауда. 2011-2016 жылдар аралығында 86 адам 178,0 млн.теңге шағын несие алып отыр.

Үшінші бағыты бойынша еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру бағытында жоспарланған шаралар толығымен орындалды. Республикалық бюджет есебінен «жастар іс-тәжірибиесіне» 10 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 16 адам, 7 адам қайта даярлау курстарына жіберілді.

Кедейшілік деңгейі аудан бойынша 0,3%-ды құрайды. Кедейшілік деңгейінен төмен тұрушы аз қамтылған адам саны - 52.

Жергілікті бюджет есебінен келесі әлеуметтік төлемдер төленді: -18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы - 749 отбасының 2321 баласына – 27339,3 мың теңге; тұрғын үй жәрдемақысы 2- отбасыға 73,5 мың теңге; әлеуметтік көмек мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына – 228 адам 8196,1 мың теңге; үйде оқитын мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларға, әлеуметтік төлем 5 балаға 318,1 мың теңге; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек – 18 отбасының 82 адамына 968,2 мың теңге.

Облыстық бюджет қаражаты есебінен 7 мүгедек «Қостанай облыстық мүгедектерге арналған оңалту орталығына» барды. «Сосновий бор» шипажайында санаторлық-курорттық ем қабылдауға 2 тұл ардагері жіберілді. Ай сайын міндетті гигиеналық құралдармен 27 мүгедек, сонымен қатар жеке оңалту бағдарламасына сәйкес тифло және сурдо техникаларымен қамтамасыз етіліп отыр.

Білім беру

2016 жылы аудан бойынша 147 мектеп түлектерінің 89 түлегі ҰБТ-ге қатысты (60,5 пайыз), жеті оқушы «Алтын белгі», екі оқушы «Үздік аттестат» алды. ҰБТ қортындысы бойынша орташа балл 93,65 (2015 жылы 64,61 баллды құраған), білім сапасы 71,32 пайызды (2015 жылы 16,3 пайыз) көрсетті.

Амангелді ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту бағытында жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда 3 балабақшаға 300 бала, 37 шағын орталыққа 848 бала, оның ішінде 335 бала 6 ұзартылған күн тобында, 269 бала мектепалды даярлық сыныптарына тартылған. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытумен қамту көрсеткіші 97,4% (

облыс бойынша 90,2 %) құрап отыр. Аудан бойынша барлығы 19 мектеп, оның ішінде: 13 орта, 4 негізгі, 2 бастауыш мектеп, 1 психологиялық педагогикалық түзету кабинеті, 1 саз мектебі, 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, 1 қосымша білім беру орталығы жұмыс жасайды. Оқушы саны – 2823. Қосымша біліммен 897 оқушы қамтылған, көрсеткіші 31,3%.

Білім беру ұйымдарының материалдық техникалық базасын нығайтуға 2,1 млн. теңге жұмсалды. Сонымен қатар 1,4 және 8 сыныптарды оқу-әдістемелік құралдарымен толық қамтамасыз ету үшін 13,2 млн. теңге бөлінді.

Соңғы 3 жыл ішінде білім беру ұйымдарында бала санының «Білім туралы» заңның талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты 7 бастауыш мектеп, 1 негізгі мектеп жабылды.

2016 жылы аудандық бюджеттен 1,2 млн. теңге бөлініп, маусым айында 50 аз қамтылған отбасылардың, жетім балалар, көп балалы отбасылардың балаларына және өнер, білім, спорт саласында жоғары жетістіктерге жеткен оқушыларға Арқалық қаласындағы «Строитель» лагеріне (бір балаға 31500 теңге) тегін жолдама алынып, 15-30 маусым аралығында демалыс лагеріне барды.

Денсаулық сақтау

Ауданның медициналық мекемелерінде 21 дәрігер, 118 орта буын медицина қызметкерлері жұмыс істейді. 19% дәрігерлер және 10,5% орта буын медицина қызметкерлерінің біліктілік санаттары бар.

Есепті мерзімге ауданда бала туу көрсеткіші жоғары болды, 1000 тұрғынға шаққанда 5,9%-ды құрады. Нәрестенің өлім-жітім көрсеткіші 19,4 пайыз болды (орташа облыстық көрсеткіштен төмен), нәрестенің өлімі 2 жағдайда тіркелген.

Әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу және дер кезінде анықтау мақсатында профилактикалық тексеру жүргізу, ауруы анықталған науқастарды диспансерлік есепке алу және сауықтыру шаралары жоспарлы атқарылуда.

Ауданда туберкулез сырқаты бойынша эпидемиологиялық жағдай соңғы жылдары тұрақталды, жыл басынан бері 2951 адам флюорографиялық тексеруден өткізілген, 3 адам жаңадан туберкулез сырқатымен есепке алынған.

2016 жылдың есептік мерзімінде 4 млн. 770,0 мың теңге сомасына Амангелді аудандық орталық ауруханасына 1 санитарлық автокөлік сатып алынды.

Сонымен қатар дәрі-дәрмектер сатып алуға облыстық бюджет есебінен 1,0 млн. теңге, республикалық бюджет есебінен 16,1 млн. теңге қаражат қаралған.

Мәдениет

Есептік мерзімде ауданымызда 38 мәдениет ұйымдары қызмет атқарады: 23 кітапхана, 13 ауылдық клубтар, аудан орталығында 1 музей, 1 мәдениет үйі. Ауылдық округтердегі барлық кітапханалар компьютерлермен қамтамасыз етілген.

Барлық ауылдық клубтар мен кітапханаларға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Оған 700,0 мың теңге қаражат жұмсалды.

2016 жылы мәдениет саласын материалды-техникалық қамтамасыз етуге 2,8 млн. теңге қаражат игерілді. (сцена киімдерін тігу, газет-журналдарға жазылу).

Спорт

Аудан бойынша 50 спорт кешендері бар, бір мезгілде өткізу қабілеті 1422 адамды құрайды.

2016 жылы «Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» бағдарламасының 1-ші бағыты аясында Амангелді селосындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін республикалық және облыстық бюджеттер есебінен 68,6 млн. теңге қаражат бөлініп отыр. Мамыр айында мемлекеттік сатып алу порталы арқылы өткізілген конкурста 56,3 млн. теңгеге Қостанай қаласының «Статус трейд» ЖШС-сі ұтып алып, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Есептік мерзімде 22,0 млн. теңгесі игерілді.

«Көркейе бер, Қостанай!» акциясы аясында орталық стадионның күрделі жөндеуіне тартылған қаражат есебінен 14,2 млн. теңгеге стадионның сыртқы қоршаулары ауыстырылып, жоспарда 1000 пластикалық орындықтар орнату, екі жақ мінбелерді күрделі жөндеу, стадионның жарықтандыру жүйесін жаңарту жұмыстары бар. Аудандық бюджет қаражаты есебінен 6,5 млн. теңгеге 400 метрлік жүгіру алаңына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Ауданның 60 дене шынықтыру ұйымдарында 5361 адам спортпен шұғылданады, бұл жалпы халық санының 30,1 пайызы.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында (2009-2015 жылдар аралығында) ауданға 271 маман келді, оның 271 маманына көлемі 29,8 млн. теңге көтерме жәрдем ақы төленді, көлемі 113,0 млн теңге 57 маманға бюджеттік кредит берілді. Сонымен қатар 2016 жылдың 1 жартыжылдығында 4 маманға көлемі 593,9 мың теңге көтерме жәрдем ақы төленді.

Салық және бюджет

Есепті мерзімде жергілікті бюджетке 147,6 млн. теңге салықтар мен басқа да міндетті төлемдері түсіп, жоспар 157,0 пайызға орындалды. Жоспардан тыс 53,6 млн. теңге түсті.

Аудан бойынша жалпы бюджеттің кіріс көлемі 1 млрд. 210,6 млн. теңге болды немесе 104,6 пайызға орындалды, ал шығыс бөлігі 1 млрд. 153,8 млн теңге, орындалуы 100,0 пайызды құрады.

2016 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша орташа жалақы көлемі 90849 теңгені құрады.

Қоғамдық қауіпсіздік

Аудан бойынша қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті сақтау жолында іс-шаралар қалыпты атқарылуда. 2016 жылы есепті кезеңде барлығы 28 қылмыстық істер тіркелген (2015 жылдың осы кезеңінде 36 қылмыс тіркелді). Қылмысты ашу деңгейі 100 пайызды құрап отыр.

Мен өзімнің аудандық мәслихаттың сессиясында бүгінгі жасаған есебimde ауданның ағымдағы жылдың есепті мерзіміне текті әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен таныстырдым.

Аудан басшылығы өңіріміздің одан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету бағытында, белгіленген шараларды орындау жолында және жоспарланған жұмыстарды толық жүзеге асырылуына барлық күш-жігерін, білімі мен біліктілігін жұмсайтын болады.



КӨҢІЛДІ КЕЗДЕСУЛЕР КӨП БОЛҒАЙ

Шілде айының мамыражай күндерінің бірі. Күн көзі шақырайып, бар шапағатын жер бетіне төгіп тұр. Күлімдеген күн көзі де бүгінгідей тамаша кездесудің куәсі іспеттес. Біздің мектеп бітіргенімізге 50 жыл толу мерекесіндегі кездесуіміздің сәті таяп келеді. Аманкелді орта мектебінің алдындағы Аманкелді бабамыздың ескерткіші біздің жиналуымызға жылы мейірімін байқатқандай. Тұс-тұстан жеңіл көліктер



токтай бастады. Іштерінен шаштары ағарған ақ шашты ақсақалдар мен ақжаулықты әжелер түсіп жатты. Біреулері бір-бірімен жөн сұраспай, құшақтарын жая қауышып жатса, енді біреулері бір-біріне күлімдей қарап, есімдерін сұрап, жүздесіп жатты. Жүздері күлкінің мейіріміне толып, беттегі әжімдері байқалмайды. Кейбіреулерінің жүрістері ширақ, ал енді біреулері аяқтарын әрең басады. Кәріліктің ауылы жақындағанын көрсетіп тұр. Бір-бірімізбен кездесіп, мауқымызды әбден басқаннан кейін, Аманкелді орта мектебіне бет алдық. Бізді Аманкелді орта мектебінің директоры Төлеутай Құсайынова жылышыраймен қарсы алып, мектеп ішіне бастап кірді. Кіре беріс дәлізде ол мектептің тарихы мен білім ұясының жай-күйі жайлы кеңінен әңгімеледі.

Бұдан кейін 50 жыл бұрын мектеп бітірген түлектер де қарап қалған жоқ. Әрқайсысы кезекпен ортаға шығып, балалықтың бал дәуренін жастық шақтарымен жалғастырған алтын ұя мектеп жайлы және сыныптастар турасында әсерлі әңгімелер айтты. Бұл жолы 1966 жылы мектеп бітірген 10 «а» және 10 «г» сыныптары бірлесіп, осы кездесуді өткізуге бір мәмілеге келген болатынбыз. Онымыз өте орынды болды. Олай дейгінім 10 «а» сыныбын бітіргендердің біразы денсаулықтарына және де басқа себептерге байланысты кездесуге келе алмады.

Сыныптастарымның біразы о дүниелік болып кеткенін газеттің алдағы сандарының бірінде «Жарқыраған жарты ғасыр жарығы» атты мақаламда жазған болатынмын. Мектеп бөлмелеріне кіріп, парталарға отырып, сол кездерді көз алдымызға елестеттік. Кейбір сыныптастарымыздың мінез қылықтарын еске түсіріп, бұл өмірден озған барлық ұлағатты ұстаздарымызды тебірене еске алдық.

Иә, жылдар жылжып өтер. Бірақ, алтын ұя мектептегі өткен балалық және жастық шақ ешуақытта ұмытылмайды екен. Кейде осыларды тізбектеп еске алғанда, еріксіз көзге жас үйіріледі. Қарттықтың қамытын кигеннен кейін, өткен өмір жолдарына көз жүгірте бастайтынын ақиқат. Алайда, біраз нәрсеңіз есте қалатын сәттері, ол - балдаурен балалық пен жалындаған жастық шақ.

Қазіргі мектептерді бұдан бұрынғы 50-60 жылдардағы мектептермен салыстыру әрине, мүмкін емес. Аманкелді орта мектебінің қазіргі зәулім ғимаратында, партада отырып білім алмасакта, Аманкелді орта мектебінің атағымен ескі ғимаратта мектепті тәмамдадық. Мектептің сынып бөлмелері мұнтаздай тап-таза. Қаз-қатар қойылған стол мен орындықтар. Оқу құралдарының бірнеше түрлері қойылған, қабырғада ілулі тұрған неше түрлі плакаттар кабинеттері қазіргі заманғы компьютермен де жабдықталған. Әрине, әр уақыттың өз еншісі болады. Біздің уақытта мұндай жайлы жағдай болмады деп, ешуақытта өкінбейміз.

Өкінгенмен пайда жоқ. Жоқтан бар жасап, сол кездегі аяулы ұстаздарымыз бізді білім нәрінен сусындатты. Біз оларға өмір бойы қарыздармыз. Аруақтарға бас иіп, Алладан иман тілейміз. Оларды сағынышпен еске алып отырамыз. Біз, сол кездегі қалын тақтайдан жасалған, партада отырғандай болып, бұдан 50 жыл бұрынғы өмірімізді көз алдымызға елестеттік.

- Рамазан сен үзіліс сайын партадан-

партаға көшіп жүретін едің, - деді қасымда отырған сыныптасым, сонау Алматы шаһарынан келген Жәмиля Нүрсейітова.

- Иә оның рас, - дедім мен жұлып алғандай. Оны мойындаймын. Расында да жастықтың буы мен қызуы не істетпейді дерсің?! Ол кезде алдағы болашағын жайлы да ойламайсың. Оны ойлайтын екен мен шешен бар. Мектепте тәртіпсіздік жасасан, сабақ оқымасан әрине, ата-ананды сынып жетекшісі шақырады. Сөйтіп ата-анамыз ұстаздар алдында біз үшін ұятқа қалып, жауап беретінінде әсте ойламаппыз-ау! Бір-бірімізбен әңгіме дүкен құрып, улап-шулап тысқа шықтық. Мектеп алдында қос сынып түлектері ескерткіш суретке түстік.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» - деген. Бүгінгідей көз алдымыздағы ұстаздарымыз бен сыныптастарымызды, о дүниелік болған оларды еске алып, құран бағыштау үшін аудан орталығындағы Алла үйіне келдік. Бізді мешіт имамы және оның көмекшісі жылы шыраймен қарсы алып, мектеп бітіргенімізге 50 жыл толу мерекесімен құттықтап, отбастарымызға молшылық мол табыстар тіледі. Немере, шөберелеріңіздің қызығын көріп, егеменді еліміздің қамқорында ұзақ өмір жасай беріңіздер, - деді.

Бұдан кейін бас имам дін туралы қазіргі діннің ахуалы жайлы уағыз айтты. Сыныптасымыз Махмұтов Хамитбек қажы көпшіліктің айтуымен марқұм болған ұстаздармен сыныптастардың тізімін жасап, имамға табыстады. Имам оларға құран бағыштады. Біз қолымызды жайып, кешегі тай-құлындай тебісіп бірге өскен сыныптастарымыз бен ұлағатты ұстаздарымызға иман байлығын тіледік. Қажы Хамитбек арнайы дұға бағыштады. Мешітке садақамыз табысталды.

Мешіттен шығысымен көше бойын жағалай Қазбек Әбен атындағы Мәдениет үйіне бет түзедік. «Елу жылда - ел жаңа» деген емес пе? Осындай жылдар ішінде Аманкелді селосы көркейген, халқының саны өскен. Әсем ғимараттар бой көтеріп, бірнеше сауда орындары ашылған. Халыққа қызмет көрсету саласы бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылуда. Ауданда орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша атқарылып жатқан игі істердің де куәсі болдық. Алдағы атап өтілетін ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына да әзірлік жұмыстарының шапшаң жүріп жатқанын байқадық. Ауданның жаңадан ғана тағайындалған жас әкімі Нұржан Өтегеновтің аз уақыттың ішінде 100 жылдықты атап өтуге байланысты көптеген іс-шараларды тиянақты жүргізіп жатқанын халықтан естіп, білдік. Жұрт жас әкімнің бастамасын қолдап жатыр екен. Соған қуандық.

Балалық, жастық шағымыздың, тіпті еңбек жолын бастаған туған жеріміз Аманкелді ауданының көркейіп, гүлденіп жатқанын көріп, көңіліміз қуанышты сезімге толды. Ауданымыздың жас азаматтарының тындырып жатқан жұмыстарына риза болдық.

Аудандық Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйі жөндеуден өткізіліп, қажетті жиһаздар мен жабдықталғаны көзге бірден түседі. Аудандық мәдениет бөлімінің қызметкерлері бізді жылы шыраймен қарсы алды. Уыздай жап-жас жігіттер мен қыздар назарды еріксіз өздеріне аудартады.

Олар да бізді жан-жақтан 50 жылдық мерекемізбен құттықтап жатыр. Әрине,

«өткен жастық дәурен-ай» деп біз оларға іштей қызыға қараймыз. Қызыққаннан не пайда, жастық шақ енді бәрібір қайтып оралмайды. Өйткені, асарымызды асап, жасарымызды жасап келе жатқанымызға Алладан шүкіршілік тілейміз. Ұрпағымыз аман болып, солар елінің елеулі азаматтары болғанын қалаймыз.

Сахна төрінде «1966 жылы Аманкелді орта мектебін бітірген түлектер, мерекелеріңіз құтты болсын, 50 жыл» деген жазу интерактивтік тақтаға әсем безендіріліп, жазылған.

Сыныптастар соның алдында фото суретке түстік. Концерт жүргізуші:

- «Аманкелді ауданының құрметті азаматы» - Сапарғали Ахметжановтың ұйымдастырумен осы шараны сіздерге арнап отырмыз! - деді.

Сапардың жұбайы Сара бізбен бірге оқыған. Бірақ басқа сыныпта білім алған. Мен өзім Сапармен Аманкелді, Амантоғай аудандарында және Арқалық қаласында еңбек жолымыз бірге қалыптасты. Мен баспасөз саласында, ол мәдениет саласында біраз жылдар еңбек жасадық. Баспасөз бен өнер бір-бірімен егіз қозыдай болғандықтан екеуіміз тығыз байланыста болдық. Достығымыз да қалыптасты. Қазір де қарым-қатынасымыз, достығымыз жарасқан. Сапардың бір-екі жасқа үлкендігі бар. Бірақ ол мені «Рақа», - дейді. Бір-екі жас деген немене, құрдас болып жүре берейік, мен сені «Рақа» - деп атаймын деген болатын. Сол сыйластығымыз әлі күнге жақсы жалғасып келеді.

Екі сағатқа созылған концерт өте көңілді өтті. Туған жер, жастық шақ жайлы тамаша әндер шырқалды. Концерт тындап отырған құрдасым Мұқаш Бимағанбетов:

- Мен горьмон тартып сүйемелдейтінмін, сен ән орындайтынсың, осы есінде ме? - деп қояды.

- Әрине!, - деймін мен.

- Айтпақшы әп-әдемі әнді орындап келе жатып, «Огонёк» деген орыстың әнінің әуеніне салып, жіберетінің есінде ме? - дейді ол.

- Оны қалай ұмытпағансың? - деп қоямын мен оған.

Көңілді ән шырқалған сәтте, ортаға шығып, билеп, жастық шағымызды еске түсірдік. Салмақтылары валъс билесе, Сапар мен мен сияқты жеңілдеулері секіріп билеп, біраз қанымызды қыздырып алдық. Сыртқа шығып, мәдениет үйінің алдында тағы да суретке түстік. Осылай думандатып, бір-бірімізбен өткенді еске алып, қауқылдасып жүргенде, түс әлеті де болып қалғанын аңғармаппыз.

Кездесуді ұйымдастырып, соған тікелей мұрындық болып жүрген Исмағұлов Марат:

- Дастархан басына жайғасып, ас ішетін уақыт болған сияқты, - деді.

Жиналған топ «Нұрасыл» мейрамханасына бет алды. Сазды әуен шырқалып тұр. Марат бәрімізді дастарқан басына жайғастырды. 10 «г» сыныбынан тұрмысқа шыққан екі қыздың жолдастары (олар бізбен қатар оқымаған) және менің Сапар досым үшеуі төрге жайғастырды. Жиналғандар:

- Дұрыс жасалғандар, олар бізге күйеу болғанмен, жолдары үлкен. Пайғамбарда күйеу баласын сыйлаған. Сондықтан да бұлардың дұрыс! - деп әрқайсысы қостап жатты.

Койдың басы үш күйеудің біріне бұйырды. Әйелдер бірінғай отырды. Әрқайсысы ортаға шығып, 50

жылдағы өмірлері, еңбек жолдары, бала-шағалары, қол жеткен жетістіктер жайлы жан-жақты әңгімеледі. Бірі қалмай, барлығы да сөйледі. Бір-бірімізге игі тілектерімізді білдіріп, алдағы уақытта хабарласып тұруды сұрадық. Мен сөзімнің арасында «енді 5 жылдан кейін, «екі бесте» кездессек қайтеді?» деген ұсыныс жасап едім:

- Өте орынды! - деп барлығы құптады.

Сөйтіп туып-өскен топырағымызда енді бес жылдан кейін бас қосатын болдық.

Иә, Аллатағала соған жеткізсін! Аmandық болса, 70-тің үстіне де шығып қалады екенбіз. Шіркін, уыста ұстап тұра алмайтын, уақыт деген осы-ау!

Кездесудің бір күні аяқталып, келесі күнгі кездесу табиғаты көркем, суы мөп-мөлдір, жағалауы құмай «Айдәй - Сейтен» түбегінде жалғасты. Тосын мінез танытатын ауа-райы, сол күні шайдай ашық болып, күн көзі бар нұрын жер бетіне шашып тұрды. Міне, нағыз балалық шақтың ұмытылмас кезеңдерін еске түсіру басталды. Өзенге шомылу, жалаң аяқ құмда жүру, қыздырыну, жаныңды рақатқа бөлей түседі. Әйелдердің бірқатарлары ас мәзірін дайындап жүрсе, енді біреулері аяқтарын суға малып, тұнғұйық ой құшағына беріліп, балалық шағын естеріне алды... Қарттар қайраттанып, жастарша құлаш сермей жүзіп, олар да өткен өмірлерін еске түсірді. Табиғат аясындағы демалу кездесуіне біразы келмей қалды. Кейбіреулері алыс сапардан келгендіктен қайтып кетті, енді біреулерінің басқа да шаралары болып жатты.

- Мен Аманкелдіде жастық шағым өтсе де мынадай табиғаты тамаша жерге келмеппін.

- Осыны ұйымдастырып отырған Маратқа мыңда бір рақмет! - деп қояды Астанадан келген Хамитбек қажы Махмұтұлы.

Табиғатының тамылжыған тамаша көркемдігін ауызбен айтып жеткізу қиын, туған жерімізді араға жылдар салып көргенде сағынышпен қауышатының белгілі. Міне, 50 жылдық мерекенің арқасында сұлу Сынтастың суына шомылып, рақаттанып қалдық.

Еліне еңбегі сіңген, о дүниелік болған асыл ағам марқұм Жәкыпов Аманқұлдың «Соңғы серпін» кітабында туған жері жайлы жазылған өлеңінен үзінді келтіргенді жөн көрдім:

...Мен үшін қымбат сенің топырағың,
Көкмайса, балауса өлке, көк құрағың.
Бір жұтсаң басқа сусын іздетпейтін,
Жағалай таудан аққан тас бұлағың.

Жұмақтай көрінеді жерім маған,
Жеткізген мұратыма армандаған.
Өсірген кісі қылып ел білетін,
Өмірлік борыштармын елім саған.

Иә, екі күнге кездесуіміз екі сағаттай болып сырғып өте шықты. Әрине кездесу қызықты, кездесу соңында қоштасу қиындау болды. Қоштасарда бір-бірімізді кимадық, кейбіреулері бір-бірін елу жылдан кейін көріп, өмірлеріндегі өзгерістерді екі күнде айтып жеткізе алмады. Ең бастысы елу жыл бойы көрмеген сыныптастарымызбен қауышып, мауқымызды басқандай болдық. Жастықтың жетегінде жегіліп жүріп, елу жылдан кейін қарттықтың қақпасына кіріп, осылай кездесеміз деп мүлде ойламаппыз-ау!

«Қарты бар үйдің - қазынасы бар» деген. Қазіргі сәтте біз де әр шаңырақтың қазынасына айналған қарттармыз. «Ұлды ұяға, қызды қияға» қондырып, немере, біріміз шөбере сүйіп отырған жандармыз. Кейбіреуіміз әлі де болса еңбек жолын жалғастырып, еліміздің өркендей түсуіне азда болса үлесімізді қосып келеміз. Біздің ендігі тілегіміз - еліміздің тұғыры биіктей түсіп, ұрпағымыз бейбіт заманының бесігінде тербетіліп, өмір сүріп, еліне, халқына адал қызмет жасай берсе дейміз.

Осындай көңілді де ұмытылмас кездесулер жиі өтіп тұрса, нұр үстіне - нұр болар еді.

Рамазан ТІЛЕУЖАН,
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.
Астана қаласы.

Суретте: Аманкелді орта мектебін 1966 жылы бітірген бір топ түлектер.

«Автокөлік және жүк тасымалдау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша семинар»

2016 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінде, департамент басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі хатшылығының төрағасы Асхат Искендіровтың қатысуымен автокөлік және жүк тасымалдау саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша семинар өтті.

Семинар барысында «Қостанай облысы бойынша көлік бақылау инспекциясының» АММ су және теміржол көлік бақылау бөлімінің басшысы Б.С. Тоқбаев және «Қостанай облысы әкімдігінің автокөлік және жолаушы тасымалдау басқармасы» ММ ұйымдастыру-кадрлық және құқық бөлімінің басшысы Г.Е. Қалимова өз баяндамаларын оқыды.

Семинар барысында қатысушылар авто-көлік жолдары бойынша мемлекеттік қызмет көрсету сапасындағы туындаған

сұрақтарды талқылап мемлекеттік қызмет алушылардың мемлекеттік қызмет көрсетудегі мәселелерді ортаға салды.

Қорытындысында қатысушылармен қолданыстағы заңнамаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізу бойынша бірқатар ұсыныстар өңделіп, жолаушылар тасымалдау және автокөлік жолдарындағы мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын арттырудағы бірқатар ұсыныстар әзірледі.

Евгений БЕДЫЧ,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
министрлігінің Қостанай облысы
бойынша департаментінің
сыбайлас жемқорлықтың алдын алу
басқармасының жетекші маманы

«Сыбайлас жемқорлықты алдын алу туралы тікелей эфирде»

2016 жылдың 28 шілдесінде «Алау» облыстық телеарнасындағы «Көкейтесті сұхбат» бағдарламасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша Департамент басшысының міндетін атқарушы Ә.М. Досекенов қатысты. «Көкейтесті сұхбат» телебағдарламасы диалог форматында тікелей эфирде жұмыс істейтін аналитикалық телебағдарлама.

Бағдарлама барысында студия қонағы еліміздегі мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы жаңадан қабылданған заңдарға, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер Әдеп кодексіне тоқталып кетті.

Сонымен қатар Ә.М. Досекенов жемқорлықты алдын алуға бағытталған жемқорлық тәуекелдерін талдау, жемқорлыққа қарсы мониторинг сияқты заңдағы жаңа енгізулер туралы толығырақ тоқталып өтті,

Департаменттің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін талдау саласын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мониторингі туралы қызметін түсіндірді.

Ә.М. Досекенов айтуынша, бүгінде мақсатты топтары үшін арнайы оқыту бағдарламалары арқылы білім беруді іске асыру, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылды нығайту маңызы зор болып табылады.

О.В. МҰСТАФИНА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
министрлігінің Қостанай облысы
бойынша департаментінің сы-
байлас жемқорлықты алдын алу
басқармасының бас маманы

«ДЕНІ САУДЫҢ - РУХЫ САУ!»

Үстіміздегі жылдың 28 шілдесінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің Сыбайлас жемқорлықты алдын алу басқармасының басшысы Е.С. Сейполдаев «Fitnation» спорт клубына қонаққа келді.

Клубтың қызметкерлерімен бірге ол қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерге деген сенімін арттыру мәселелерін талқылады. Өз сөз сөйлеуінде ол дене шынықтыру және спорт қазіргі заманғы қоғамның денсаулығын сақтау мен жақсартуда, олардың мәдениетін, қарым-қатынас жолын, демалысын, жаман әдеттер мен бейімділігін балама жақсартуда маңызды

факторы болып табылатындығын атап өтті.

Клубтың қызметкерлері Департамент қызметіне белсенді қызығушылық танытты, сұрақтар қойды, жеке тәжірибемен бөлісті. Кездесу соңында тараптар бірлескен мемлекеттік органдардың жұмысы және бизнес-сектормен азаматтар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған және мемлекеттік қызметтің оң имиджін құру қоғамда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша оң әсерін тигізеді деп келісті.

Евгений БЕДЫЧ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
министрлігінің Қостанай облысы
бойынша департаментінің сыбай-
лас жемқорлықтың алдын алу
басқармасының жетекші маманы

«СОТРУДНИКАМ ПРОФИЛАКТИКИ ЗОЖ О ПРОФИЛАКТИКЕ КОРРУПЦИИ»

29 июля т.г. в стенах КГКП «Костанайский областной центр проблем формирования здорового образа жизни» состоялась встреча рабочего коллектива с исполняющим обязанности руководителя Департамента Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Костанайской области Досекенова А.М.

Участники встречи интересовались основной деятельностью Департамента, задавали вопросы об итогах антикоррупционной работы, делились видением взаимодействия центра и государственных органов в рамках реализации основных приоритетов государственной политики.

Итогом мероприятий, который Департамент намерен провести вместе с Костанайским областным центром проблем формирования здорового образа жизни в рамках реализации государственной политики в рамках формирования положительных ценностей казахстанского общества.

Е.БЕДЫЧ,
ведущий специалист управления
профилактики коррупции
Департамента Министерства
по делам государственной службы
Республики Казахстан
по Костанайской области

Получите свидетельство о рождении ребенка без лишней бюрократии



Введенные в июле текущего года поправки в стандарт государственной услуги о рождении ребенка обязывают родителей малыша подать соответствующее заявление в регистрирующие органы не позднее трех рабочих дней со дня его рождения. Иначе для получения свидетельства о рождении ребенка дополнительно необходимо будет предоставить:

- 1 объяснительная родителей
- 2 справка регистрирующего органа об отсутствии записи о рождении по месту рождения ребенка и месту жительства родителей
- 3 справка о здоровье ребенка по месту его проживания, выданная не позднее 7 (семи) рабочих дней с момента обращения
- 4 нотариально удостоверенная доверенность в случае обращения представителя услугополучателя

Заявление подается на альтернативной основе:

Срок оказания услуги на портал «электронного правительства» - 1 рабочий день	Срок оказания услуги при подаче в регистрирующие органы 2 рабочих дня	Срок оказания услуги через Госкорпорацию «Правительство для граждан» - 2 рабочих дня
		

«Мероприятия по повышению информированности населения о качестве оказания государственных услуг»

Департамент Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Костанайской области (далее - Департамент) является территориальным органом Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан.

Одной из основных функций Департамента помимо осуществления государственного контроля за качеством оказания государственных услуг, является проведение единой государственной политики в сфере качества оказания государственных услуг.

В связи с чем, Департаментом на постоянной основе проводятся мероприятия по повышению информированности населения о качестве оказания государственных услуг, в том числе о порядке, сроках, основаниях отказов в оказании государственных услуг.

Так, согласно утвержденному графику Департаментом проведены акции «Государственная служба - консультирует» в ЦОНах городов Костаная, Аркалыка, Карабалыкского и Карасуского районов, в ходе которых сотрудники Департамента консультирует граждан по вопросам оказания государственных услуг, принимаем предложения и рекомендации на качество оказания государственных услуг. Также, Департаментом проведена «общественная приемная» в филиалах АО «Казпочта» города Костаная и Карабалыкского района по вопросам разъяснения действующего законодательства в сфере государственных услуг и государственной службы.

Анализ обращений показывает, что наиболее задаваемыми вопросами являются вопросы в сфере земельных отношений, архитектуры и градостроительства, здравоохранения, образования. Кроме того, Департаментом проведено 10 семинар – совещаний по вопросам повышения качества оказания государственных услуг в сфере здравоохранения, архитектуры и градостроительства, природных ресурсов и природопользования и со службами, осуществляющими внутренний контроль за качеством оказания государственных услуг, с охватом 162 должностных лиц.

На семинар – совещаниях обсуждаются проблемные вопросы при оказании государственных услуг, например: коллизии и пробелы в законодательстве в сфере регистрации актов гражданского состояния, проблемы при разработке, утверждении и регистрации регламентов государственных услуг, а также вопросы рассмотрения жалоб граждан. Наряду с этим сотрудники Департамента выступают с отчетом на общественных советах с темой «Качество оказания государственных услуг в Костанайской области проблемы и перспективы». Так руководство Департамента отчиталось о своей деятельности на заседаниях общественного совета города Костанай, Рудный и Костанайского района, а также областного общественного совета.

В целом работа по разъяснению прав услугополучателя важный элемент профилактики не только нарушений в сфере качества оказания государственных услуг, но и минимизация коррупционных проявлений.

Любой гражданин в случае неправомерного отказа ему в оказании государственных услуг, а также со своими предложениями по повышению качества оказания государственных услуг может обратиться в Департамент, по адресу г.Костанай, ул.Касымханова, д.34, телефоны: 8 (7142) 393415, 392281.

И.АТШАБАРОВ,
главный специалист ДМДГС по Костанайской области

«ГОССЛУЖБА КОНСУЛЬТИРУЕТ!»

28 июля текущего года сотрудниками Департамента Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Костанайской области в здании филиала «Государственной корпорации «Правительство для граждан» Костанайского района проведен выездной прием граждан по вопросам законодательства в сфере оказания государственных услуг. В ходе встречи услугополучатели получили ответы на вопросы в части предоставления услуг в сфере земельных отношений, образования, регистрации актов гражданского состояния. Стоит отметить, что данные акции, направленные на разъяснения прав и законных интересов получателей государственных услуг, будут проводиться на постоянной основе.

Проведение следующего мероприятия запланировано в здании филиала Госкорпорации города Рудного 2 августа 2016 года 9.00 часов.

Дополнительно сообщаем, что с учетом компетенций, обозначенных Законом «О государственных услугах», Департамент оказывает информационную, консультативную, методическую поддержку физическим и юридическим лицам.

По имеющимся вопросам обращаться по адресу: г.Костанай, ул. Касымханова, 34, телефон доверия: 39-61-65.

Евгений БЕДЫЧ,
ведущий специалист Управления профилактики коррупции Департамента Минист-
стерства по делам государственной службы Республики Казахстан
по Костанайской области

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Күмкешу орта мектебін 2001 жылы бітірген Ержанова Гульзат Хамзиновнаның аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

АМАНГЕЛДІ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

2 тамыз 2016 жылы Амангелді аудандық мәслихатының депутаттары-таңдаушылар отырысында, жасырын дауыс беру жолымен Амангелді ауданының Қабырға ауылдық округі әкімі 4 жылға сайланды.

Амангелді аудандық сайлау комиссиясы анықталған сайлау қортындыларын және сайланған әкімді тіркеу туралы мәліметтерді жариялайды:

Барлық таңдаушылар саны-12.

Отырысқа қатынасқан 12 таңдаушының барлығы да-уыс берді.

Қабырға ауылдық округі әкімі луазымына 2 кандидат сайлауға түсті.

Қабырға ауылдық округі әкіміне кандидаттарға төмендегідей дауыстар берілді: Игілікөв Нұрлыбек Мағауияұлы – 4, Оспанбеков Ардақбек Несіпбекұлы – 8.

Жарамсыз бюллетеньдер болған жоқ.

Қабырға ауылдық округінің әкімі болып сайланды және тіркелді Оспанбеков Ардақбек Несіпбекұлы, 1978 жылы туған, Н.Крупская атындағы негізгі мектебінің директоры, Қабырға ауылында тұрады.

Амангелді аудандық сайлау комиссиясының төрағасы

А.Ибраева

♦Маман кеңесі

ББҚ - АЛДАУ ӘЛДЕ ПАПАЦЕЯ?

«ББҚ» түсінігі бұрыннан және берік біздің өмірімізге кірді. Іс жүзінде біздің еліміздің әрбір тұрғыны өміріне бір рет болса да барлық аурулардан бұл ғажайып құралды қолданып көрді. Басқа сұрақ, шын мәнінде ББҚ дегеніміз не екенін барлығы түсіне ме. Алдымен оларға жай ғана анықтама берейік. ББҚ – бұл тамақ өнімдерінің құрамына енгізу үшін немесе тамақпен тікелей қабылдауына арналған тамаққа арналған биологиялық белсенді қоспалар.

Бұл препараттар – жай ғана дәрумендер және минералдар жиынтығы одан артық емес. Тиісінше, дәрілік заттармен бәсекелесе алмайды, дегенмен жарнама жиі кері сендіреді. ББҚ өндірушілері барлығынан да «емдейді». Олар тез арықтауына да, ерлер денсаулығын күшейтуіне де көпшілік береді, ал егер де жай сөзбен айтсақ – «ең әлсіз жерлерінен ұрады». Әрине ББҚ артықшылықтары бар, алайда негізінде олардың барлығы өндірісшілерге тиімді. Дәрілермен салыстырғанда, ББҚ «ақша істеу» әлдеқайда оңай және қарапайым. Қоспаны жасау әлдеқайда оңай және арзан. ББҚ қатал мемлекеттік фармацевтикалық бақылауға жатпайды, өйткені дәрілік құрал болып табылмайды. Мысалы, АҚШ-та ББҚ

«тағамдық қоспалар» деп аталады және диеталық өнімдерге жатады. ББҚ тіркеу және сертификаттау ережелері оңайлатылған, оларды қай жерде болса да рецепсіз сатуға болады. Және ең бастысы – клиенттерге қандай уәде болса да беруге болады: ешқандай жауапкершілік жоқ, ал дәрі – дәрімектердің жарнамасы қатаң заңмен реттеледі. Сонымен қатар, ең қарапайым есептеулер бойынша, ТМД елдерінің нарығында ББҚ жыл сайынғы кірісі миллиардтаған доллармен есептеледі. Өндірушілер ақшаны көп табады, ал сенімшілік клиенттердің пайдасы қандай? Оларға медициналық жағынан қарайық. ББҚ нутрицевтиктерге және парафармацевтиктерге бөлінеді. Нутрицевтиктер: тамақтануды түзетуінде қатысатын дәрумендер және минералдар, аминокислоттар және антиоксиданттар және де басқа заттар. Бұл заттар пайдалы нәрлі заттардың жетіспеушілігін толтыруына және ауру тудыратын шабуылдарға тұрақтылығын нығайтуға, алмасу процесстерін жақсартуға қабілетті. Біз оны тамақпен бірге немесе дайын дәрі түрінде ала аламыз. Бірақ, екінші нұсқа майда қымбат. Парафармацев-

тиктер – бұл ішкі ағзаларын қалыпқа келтіру, иммунитетті арттыру емдік мақсатында қолданылатын ББҚ. Олар аурулады емдеуге және алдын алуына қосымша ретінде қолданылады. Парафармацевтиктердің құрамындағы көптеген компоненттер нағыз дәрілерде қолданылады. Айырмашылығы мынада, жанама әсерлерін тудырмау үшін, ББҚ белсенді заттардың мөлшері аз болуы қажет. Дегенмен, оларды өз бетінше қабылдамау, ал алдын ала дәрігерден кеңес алуы дұрыс болады.

Егер де сіз салауатты өмір салтының фанаты болған жағдайда ББҚ кемшіліксіз жұмыс істейді, алайда, бұл ретте егер пайдалы тамақты қолдансаңыз, онда ешбір қоспаларсыз да өмір сүруге болады. Айтқандай, аллергиялық ББҚ өте сақ болуы керек. Өйткені олардың көбісінің құрамында әр түрлі өсімдіктер бар, олар ұстаманың себебі болуы мүмкін. Созылмалы аурулармен ауыратын адамдар да қоспалармен сақ болуы керек. ББҚ туралы біз айттық, ал қабылдауын немесе қабылдамауын, сатып алуын немесе сатып алмауын сіздер өздеріңіз шешесіздер. Ал біз сіздерге тек қана денсаулық тілейміз!

«Амангелді аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ

ХАБАРЛАНДЫРУ		
«Нұр Отан» Партиясы Аманкелді аудандық филиалы ғимаратында 2016 жылдың тамыз айында өтетін қоғамдық қабылдаулар		
Азаматтарды қабылдау жүргізетін алаңның тегі, аты- жөні	Азаматтарды қабылдау жүргізетін азаматтың лауазымы.	Қабылдау күн, уақыты
Нұрханова Зубайра Мусаевна	Амангелді аудандық мәслихаты депутаты	08 тамыз - сағат 10.00-де
Кенжебаев Кыйлымбек Кайдарович	«Амангелді ауданы әкімдігінің жер қатынастар бөлімі» КММ басшысы	09 тамыз - сағат 10.00-де
Абдикова Камшат Шоптибаевна	Амангелді аудандық мәслихаты депутаты	10 тамыз - сағат 10.00- де
Каласов Малшыбай Дүйсенович	Аманкелді ауданы әкімінің орынбасары	10 тамыз - сағат 15.00-де
Баженова Гүлжамилә Еркембаева	Амангелді аудандық мәслихаты депутаты	15 тамыз - сағат 10.00-де
Кеделбаев Қанат Уашович	Амангелді аудандық мәслихат хатшысы	15 тамыз - сағат 15.00-де
Сакетов Мурат Салимжанович	«Амангелді ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» КММ басшысы	22 тамыз - сағат 10.00-де
Дәуітбаев Бекзада Шайқамалұлы	Амангелді аудандық мәслихаты депутаты	22 тамыз - сағат 15.00-де
Кайрбеков Руслан Муратович - тақырыптық қабылдау тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша тақырыптық қабылдау мәселелері бойынша 24 тамыз - сағат 15.00-де.		
Қоғамдық қабылдау мәжіліс залында өткізіледі. Алдын ала жазылу жүргізіледі.		
Байланыс телефондары: 21 5 28		

ЕСКЕ АЛУ



Отағасысына қадірлі бәйбіше, балаларына аяулы ана, немерелеріне ардақты әже болған, бәріміз үшін орыны ерекше **Қымбат ТӨРЕБЕКҚЫЗЫНЫҢ** дүниеден өткеніне 2 жыл толып отыр. Ол кісі он саусағынан өнер тамған тігінші еді. Кезінде аудандық советке бірнеше рет депутат болып сайланды. Өз ісінің шебері атанды. Қызметте іскер азаматша атанумен қатар, отбасында балаларының сүйікті анасы, жолдасының адал да аяулы жары бола білді. Немерелерін де әдепті етіп өсірді. Ол кісінің жаны жәннәтта, тәні рахатта болуын бір Алладан тілейміз.

Қымбат десе - қымбат едің әжеміз, Кадірінді әр күн сайын сеземіз. Санамызда асыл бейнең тұр сайрап, Өзіңізден қалай күдер үземіз.

Бөлек еді, бізге әмән қадірін, Ерекше еді, парасатын, сабырын. Иманды бол, асыл әже, Тілейміз – Пейіш болып, нұрға толсын қабірін.

Еске алушылар: отағасың Тұрсын, балаларың Қасқырбай-Айгүл, Бөлтірік-Күлімхан, Ардақ-Азамат, Рүстем, Асель-Нұрлан, Толғанай-Қайрат.

НОТАРИУС: 05 ақпан 2016 жылы қайтыс болған азамат Рахметов Бузаубақтың мұрасы бойынша мұрагерлік ісі ашылды. Қостанай облысы нотариаттық аймағы Амангелді ауданы жекеше нотариусы Жакупов Ержан Амиргазиевичқа Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, Дүйсенбин көшесі, 22 үй, 2 пәтер мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын (тел. 871440 21278).	НОТАРИУС: 26 сәуір 2015 жылы қайтыс болған азаматша Жалмағанбетова Кулжамилә Ералиевнаның мұрасы бойынша мұрагерлік ісі ашылды. Қостанай облысы нотариаттық аймағы Амангелді ауданы жекеше нотариусы Жакупов Ержан Амиргазиевичқа Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, Дүйсенбин көшесі, 22 үй, 2 пәтер мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын (тел. 871440 21278).
НОТАРИУС: 14 наурыз 2016 жылы қайтыс болған азамат Камитбеков Койшиманның мұрасы бойынша мұрагерлік ісі ашылды. Қостанай облысы нотариаттық аймағы Амангелді ауданы жекеше нотариусы Жакупов Ержан Амиргазиевичқа Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, Дүйсенбин көшесі, 22 үй, 2 пәтер мекен-жайы бойынша хабарласуларыңызды сұраймын (тел. 871440 21278).	

Құттықтаймыз!

МЕРЕЙТОЙ - 70 ЖАС!

Асқаралы ағамыз, әкеміз, атамыз **Қауынбаев Қайырбек ШӘКІРҰЛЫ** 8 тамызда 70 жасқа толғалы отыр.

Әкемізді туған күнімен құттықтай отырып, ұзақ өмір, зор денсаулық тілейміз. Арқа сүйер ақылшымыз боп ортамызда аман-есен жүріп, бала-шағаңыздың, немере-шөберелеріңіздің қызығын көре беруіңізге тілектеспіз!



Бұл жас-қарттық жас емес, қазына жас, Бала мен немеренің назына жас. Біз сізге бақ тілейміз ортаймайтын Басыңыздан ешқашан ажырамас.

Өміріңіз ұрпаққа өнеге шың, Тілейміз қуанышқа бөленгенін. Жүзге келіп, марқайып отырыңыз Қылығына қуанып шөберенің!

Тілек білдірушілер: Мираш-Біраш, Мираш-Гүлнар, Серік-Көркем.



Құттықтаймыз!

ЗЕЙНЕТКЕРЛІКТОЙ - 63 ЖАС!

Құрметті **Мендіғаринов Теміржан ҚОСТЕМІРҰЛЫ!** Сізді Аманкелді аудандық аурухана ұжымы 63 жасқа толып, зейнеткерлік жасқа келу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай зайыбыңыз Динамен ұлыңыз Мейіржанның қызығына тоймай, немере-шөберенің ортасында ата деген атты иеленіп жүре беріңіз Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын!



Талай күндер төккен термен өткен күн, Қуаныштың нәрі көктем сепкен күн. Талай жылдар тағылымы толысып, Еңбектен соң зейнет келіп жеткен күн.

Еленді еңбек қуанышты бәріміз, Зейнет жаспен құлпырады сәніміз. Жалынды жас кейпін әлі сақтапсыз, Қуанышқа ортақ кіші-кәріміз.

Ізгі ниетпен құттықтаушылар: Аманкелді аудандық аурухана ұжымы



Құттықтаймыз!

50 ЖАСТА ЗЕЙНЕТКЕР БОЛУЫҢМЕН!

Аманкелді селосындағы №21 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі, азаматтық қорғау прапорщигі әріптесіміз Қайратбек Қайырбекұлы **ӘЛІБАЕВ** осы салада 20 жылдан бері табан аудармай қызмет етіп келеді. Ол өзін қызметте іскерлігімен және барлық мәдени-спорттық іс-шараларға белсене қатысып, жас қызметкерлерді бейімдеп және тәлімгерлік жұмыстарды ұйымдастырып, өзінің азаматтығы мен адамгершілігін көрсете білді.

Мекеме ұжымы Қайратбек Қайырбекұлын осы қасиеттері үшін әрдайым құрметтейді. Сондықтан да №21 ӨСБ ұжымы Қайратбек Қайырбекұлын зейнеткерлік демалысына шығарып салып, жеке құрам атынан Алғыс хатпен, бағалы естелік сыйлықтармен марапаттады.

Әріптесімізге зор денсаулық, бақытты ұзақ өмір және отбасылық баянды бақыт тілейміз.



Қайратбек, құтты болсын 50 жасың, Әрдайым домаласын өрге тасың. Құрметке бөлене бер, лайымда, Сыйласын бар уақытта дос пен қасың.

Өрт сөндіру ісінің бір ерісің, Қайда болсын әрине, кең өрісің. Жас ұрпақ үлгі алатын өмір бойы, Таңдаған кәсібіңнің шеберісің.

Серік **ҚУАНЫШҰЛЫ**, аудандық №21 ӨСБ бастығы.



ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

2005 жылы Ә.Боранбаев атындағы орта мектепті бітірген Турманова Данагүл Батырхановнаға (28.04.1988 ж.т.) берілген ОБ №1270991 аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

АРХЕОЛОГТАР АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚАРАОБАСЫ МАҢЫНАН ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР ТАПТЫ

Біздер, ғалымдар жауапкершілікті терең сезініп, маңайдағы обаларды мұкият қарадық. Көзіміздің жеткені - Абылай ханның Қараобасы ертеде тоналып кеткен екен. Ал одан соң осы маңдағы екі обаны тексердік. Бұлар да тоналған екен. Дегенмен, бақытымызға қарай біз тоналған обаның аман қалған жағын таптық. Сөйтіп, нәтижесінде қыштан жасалған құралдардың сынықтары мен 1 алтын сырғаны таптық. Оған қоса ең бастысы 5 метр тереңдікте жатқан әйел адамның сүйегіне кездестік. Бұл - бастама үшін жаман емес. Келешекте Сапар Ысқақұлының демеушілігімен археологиялық қазба жұмыстарын Аманкелді ауданына қарасты төңіректе жүргізетін боламыз. Қазіргі күні біз табылған заттарды тиісті орындарға жіберіп, анықтатып жатырмыз. Оның бәрі нақтыланған соң, аудан халқына келіп, барлығын баяндайтын боламыз. Бізге көмек қолын созып, зерттеу жұмыстарын жүргізуге жеткілікті қаражат бөлгені үшін Аманкелді елінің тумасы Сапар Ысқақұлына айтар алғысымыз мол.

Дегенмен, «Асатпай жатып құлдық, жемей жатып тұздық» демей, зерттеу жұмыстарын барынша байыпты, ұқыпты жүргізуіміз шарт. Біз, Торғай өңірінен әлі де құнды археологиялық жәдігерлер табамыз деген ойдамыз, - деді Зейнолла Самашев.

Одан соң ғалымдардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне жағдай жасаған Сапар Ысқақұлы сөз алды.

- Ата-бабаларымыздың 1916 жылғы көтерілісіне 100 жыл толған торқалы тойы маған да үлкен ой салды. Бұл көтеріліс - барша халықтың көтерілісі! Сондықтан оған әркімнің үлес қосуға құқы бар. Мен жиһанкез ретінде әлемнің 125 мемлекетін аралап, көрдім. Көңілге түйгенім мол. Біз ежелгі Дешті Қыпшақ ұрпағымыз. Біздің ата-бабаларымыз әлемді кеңінен шарлаған. Олардың іздерін Таяу Шығыстан да, Европада да, Ресей мен Қытайдан да, Өзбекстан мен Түркіменстаннан да табуға болады. Біздің түркілердің аса бай мұрасы Монғолия жерінде жатыр. Ондағы Орхон-Енисей ескерткіштері - түркілердің, соның ішінде біздің қазақ халқының теңдесі жоқ аса құнды жәдігерлері. Алтай маңынан да біздің ата-бабаларымыздың ғажайып мұраларын кездестіруге болады. Біздің тарихымыз Қазақ Хандығының 500 жылдығымен шектелмейді. Ол өте әріде жатыр. Біздер соның бәрін зерделеуіміз керек. Өз басым түркі және қазақ тарихы туралы ондаған сериялы кинофильм түсіруді қолға алдым. Бұл «Ұлы даланың» «Мәңгілік Ел» болуына арналған туынды болмақ. Мен үлкен ғалым, өзімше айтсам қазақтың біздің заманымыздағы Әлкей Марғұланы саналатын Зейнолла Самашевті жоғары бағалаймын. Ол кісі менің ұсынысымды қолдады. Сол үшін өзім туған қасиетті Қараоба қасында тұрып

(Жалғасы. Басы 1-бетте)



алғыс айтамын. Менің балалық шағым Қараобаның етегіндегі Чкалов ауылында өтті. Қазір оны Әбу Сыздықов дейді екен. Мәселе онда емес, біз бала кезімізде Қараобаның басына келіп, ойнайтынбыз. Сонда ол бізге үлкен тау секілді көрінетін.

Біздің бабаларымыз атап айтқанда: Мұхаммед Хайдар Дулати, атақты Бабыр әлемдік деңгейдегі мәдени мұра саналатын тарихи ескерткіштерді салдырған. Бабыр Индия елінде қызмет етсе, Мұхаммед Хайдар Ферғанада әмір болған. Айта берсек, ата-бабаларымыздың ерлігі ересен. Египетте, яғни қазақша Мысырда қазақтың 37 сұлтаны билік құрған.

Жақында Венгрияда бүкіл дүниежүзі түріктерінің құрылтайы өткелі отыр. Мен соған құрметті қонақ ретінде шақырылдым. Мұнда да түріктердің әлемдік мәдениет пен тарихқа, өнерге қосқан үлесі сөз болады. Мен осында сөз сөйлеп, өзім туып-өскен Торғай өңірінің, әсіресе Аманкелді ауданының жеріндегі құнды мұралар туралы айтпақпын. Әрбір адам өз елінің тарихын терең білуі керек. Тарихты білмей ешқандай табысқа жете алмайсың. Біздің жеріміздің асты құнды ескерткіштерге бай деп ойлаймын. Мәселе алтын-күмісте емес, ата-

бабаларымыздың қолымен жасалған тарихи құнды мұралар туралы айтып тұрмын.

Мен алдағы уақытта да археологтарға демеуші болып, туған жерімнің құндылықтарын зерттеулеріне көмек жасайтын боламын. Қолымыздан келіп тұрғанда аянуға болмайды. Менің Аманкелді ауданының көлемінде археологиялық зерттеу жұмыстарын бастауым, бұл - Торғай ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына жасаған тартуым деп санаймын. Халқым да менің бұл бастамамды қолдайды деп сенемін, - деді Сапар Ысқақұлы.

Келесі кезекте аудан әкімі Нұржан Қайыржанұлы Өтегенов батыр атындағы ауданның көлемінде ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына арнап археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген алғашқы сәттерден-ақ нәтижеге қол жеткізген Зейнолла Самашев бастаған археолог ғалымдарға және оларға демеушілік жасаған Сапар Ысқақұлына аманкелділіктердің атынан алғыс айтып, еңбегіне табыс

Қоғалықкөл ауылының іргесіндегі Ақоба (Кенесары обасы); З.Самашевтің шәкірті, архитектор А.Хасенәлі, Арқалық қаласындағы газеттер мен теледидардың журналистері.

тіледі.

Мұнан соң, З.Самашев С.Ысқақұлы салтанатты рәсімге қатысқан Торғай аймағының журналистеріне сұхбат берді. Рәсімге сонымен қатар республикалық теледидар журналистері мен Сапар Ысқақұлының телестудиясының қызметкерлері қатысып, археологиялық жұмыстардың тұсаукесерін бастан-аяқ бейнефильмге түсірді.

Осылайша, республика ғалымдары Аманкелді ауданының көлемінде археологиялық зерттеу жұмыстарын бастап кетті. Алла қаласа, келесі 2017 жылдың сәуір айының ортасында Зейнолла Самашев бастаған ғалымдар Қоғалықкөлге келіп, сол маңдағы обаларды зерттеп, анықтағаннан кейін, археологиялық қазба жұмыстарын бастайтын болды.

Ия, ата-бабаларымыздың ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығы қарсаңында біздің ауданымызда жақсы бір іс басталды. Зейнолла Самашев та, Сапар Ысқақұлы да, біз де капитан Петр Рычковтың Абылай хан ағамыз қайтыс болған 1771 жылы Орынбордан қасына орыс, казак, башқұрт, татар, казак азаматтарынан құралған әскер ертіп, бүгінгі Торғай өңіріне, одан Ұлытауға дейін саяхат жасағанын білеміз.

Капитан П.Рычков казак даласындағы обалардың (қорғандардың) түгел тоналғанын көрсеткен. Бұл жайды Зейнолла Самашев ағамыз да жан-жақты әңгімелеп берді. Дегенмен, «Ат аунаған жерде түк қалады» дегендей, басқыншылар жеріміздің үсті мен астындағы құндылықтарымызды қанша ұрлағандарымен, олардан да белгілер қалады ғой. Археологтар сол кішкентай белгіден үлкен түйін түйеді. Басқыншы ұрылардың қолдары жетпей қалатын құндылықтар да баршылық қой. З.Самашев бастаған ғалымдар сол құндылықтарды тауып, дәлелдеп, халық қадесіне жаратады деген сенімдеміз.

Бұл оқиғаны көрген Торғай аймағының журналистері ұлтымыздың тарихына деген сүйіспеншіліктерін бір-біріне білдіріп жатты...

Ғалымдар айтқандай табылған жәдігерлер Сармат дәуірі аяғының, Ғұн дәуірінің бас кезінің мұралары екен. Ол кезде әрине, Сарматтар өздерінің Сармат екенін білді ме, білмеді ме, ол бөлек шаруа. Қандай ұлт болғандары да онша маңызды емес. Маңыздысы - табылған мұралардың көне түркінің ұрпағы - бүгінгі қазақ мемлекетінің жерінен табылуы.

Ия, ата-бабаларымыздың ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдық тойы алдында осындай бір құндылықтар табылып, батыр атындағы елдің бойына тың рух беріп тұр. Елдік те, ерлік те жалғаса бергей!

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ
Суреттерде:

Суреттерді түсірген автор.



Жерлесіміз С.Ысқақов - 75 жаста!
АБЫЗ АҒА, АҢЫЗ АҒА

5 тамыз - жерлесіміз, қазақтың бас жиһанкезі, бас меценаты Сапар Ысқақұлының туған күні. Ол бүгін 75 жасқа толып отыр. Сәкенмен 1990 жылы танысып, бірге қызметтес болдық. Осыдан 15 жыл бұрын Сәкен 60-қа толғанда «Сапар Ысқақов» деп өлең жазып едік. Бүгін 75 жасқа толғанда да сол өлеңді қайта жариялап отырмыз. Себебі Сәкен - өзгермеген. Сол 60-тағы қалпы! Ғұмыры ұзақ, дені сау, еңбегі ерен бола бергей!

Аты Сапар болған соң ба - сапарда
Жүреді ылғи!

Болса бірде - Катарда,
Таң алдында - ұшып шығып Лондоннан,
Отырады - Торғайда күн батарда.

Шетел, ауыл - кетті бір боп ол үшін,
Бес құрлықты араласа - бәрі шын!
Тәуелсіздік - бақ сыйлады Сәкене,
Елі көріп отыр - соның жемісін!

Ойып тұрып алды өмірден орынын,
Тірілген де «Тілеп бақсы сарынын» -
Сапар аға!

Жарқыратып көрсетті -
Өзінің де алуан қырлы дарынын!
Қайран жастық, қалды алыста көктем кез,
Ол - бүгінде көпті көрген көгенкөз!
117 мемлекеттің төрінде,
Табанының ізі қалған жиһанкез!

Бизнесті бастағанда ол,
Еліміз -
Бодан еді,
Отар еді жеріміз...
Арқалықта «Омар» кәсіпорынын,
Құрғанында аң-таң қалдық бәріміз.

Салды талай ғимараттар сәулетті,
Женді солай батпан-батпан бейнетті.
Азаматтың бірі атанды - құрметті,
Несібелі, ырысы мол, дәулетті!

Арқалықта және Амантоғайда,
Аманкелді және қала Торғайда -
Мешіттерді салған әрі жөндеген,
Сапекендей елін сүйген, ер қайда?!

Көрсетті ол - баталы ұлдың озарын,
Көрсетті ол - дінге де оң назарын.
90-ыншы жылы қайта жаңғыртты,
Сатыбалды ишанның да мазарын!

Астанада тұрып жатыр ол бүгін,
Бір жігіттей арқалауда ел жүгін!
Өзімізді былай қойып,
Шетел де -
Мойындады азаматтық ерлігін!

Көркейтуде жаңа Астанамызды,
Орындады - сәулеткерлік парызды.
Үйлер салды көздің жауын алатын,
Эрмитаж бен Тәжімаханал тәрізді!

Өзі ғана қызықтамай байлығын,
Сәкен құсап - елге құшақ, жайды кім?!
Сол үшін де - «Жыл адамы» атанып,
Жеңіп алды - «Алтын адам» сыйлығын!
Адал болып - перзенттік пәк парызға,
Пәруәнә боп - елге деген қарызға.
Жасампаздық істерімен,
Сапекен -
Кетті айналып абызға да аңызға!

60 жаста - жасап ісін 40-тың,
Көшін бастап келе жатқан нарықтың!
Сапар аға Ысқақұлы Ысқаков -
Сүйіктісі қазір біздің халықтың!
Жалтақтамай ашып айтсақ шындықты,
Жасай білген - рухани ерлікті!
Сапар аға - бола бермек қазақтың -
Мақтанышы, меценаты бір мықты!

Хамитбек МҰСАБАЕВ
05.08.2001.

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖК. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табак. Таралымы - 1800 дана. Тапсырыс - 1600

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды. Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10. 2-10-57 Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.